

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ

«МАҚСАТ» ОРАЛ ЖОҒАРЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ» ЖМ



«БЕКІТІЛДІ»

Колледж директоры

_____ Берген М.К.

*Педагогикалық кеңес отырысында
қаралды және талданды
(хаттама № 1 «31»08. 2023)*

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Орал-2023

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Осы Педагогикалық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгі ережесі (бұдан әрі - Ереже) 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгі ережелерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 16 мамырдағы №272 Бұйрығына сәйкес колледждің педагогикалық кеңес қызметінің тәртібін айқындайды.

2. Колледждің педагогикалық кеңесі (бұдан әрі - Педагогикалық кеңес) білім беру ұйымдарын алқалы басқару нысандарының бірі болып табылады.

3. Педагогикалық кеңестің басты міндеттері: білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі педагогикалық ұжымның күшін біріктіру, білім беру ұйымдарының педагогикалық ұжымының қызметін педагогикалық жұмысты және оқу-тәрбие жұмыстарын жетілдіруге бағыттау, педагогикалық ғылым мен озық тәжірибелер жетістіктерін практикаға енгізу, білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) ауысуына және бітіріп шығуына қатысты мәселелерді шешу болып табылады.

2. Педагогикалық кеңестің құрамы

4. Педагогикалық кеңестің құрамына: колледж директоры, (төраға), оның орынбасарлары, педагогтар, тәрбиешілер, психолог, аға тәлімгер, әлеуметтік педагог кіреді.

5. Педагогикалық кеңестің отырысына қажет болған жағдайларда ата-аналар комитеттерінің, Қамқоршылық кеңестің, студенттер активінің мүшелері шақырылады.

6. Педагогикалық кеңестің құрамы оқу жылына білім беру ұйымының басшысының бұйрығымен бекітіледі.

7. Педагогикалық кеңестің өз құрамынан 1 жылдық мерзімге хатшы сайлайды.

3. Педагогикалық кеңестің қызмет тәртібі

8. Педагогикалық кеңес:

1) колледжде нормативтік құқықтық актілерді орындау жөніндегі іс-шараларды;

2) оқу-тәрбие және әдістемелік жұмыстар жағдайын, оқытудың барлық нысандары бойынша оқыту әдістерін жетілдіру мәселелерін, оқытудың жаңа технологияларын ендіруді;

3) оқу-тәрбие жұмыстарын жоспарлау мәселелерін;

4) ағымдағы, аралық, қорытынды аттестаттауды өткізу, ұсынылған құжаттар негізінде білім алушыларды емтиханға жіберу, білім алушыларды емтиханнан босату, курстан курсқа, бір білім беру ұйымынан екіншісіне, оқытудың бір нысанынан екіншісіне, бір тілдік бөлімшеден екіншісіне, бір мамандықтан екіншісіне, ақылы түрде оқудан мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстыру, білім алушыларды грамоталармен, грамоталармен, Үздік орта арнаулы білім беруді бітіргені туралы куәліктермен, үздік дипломмен, орта арнаулы білім туралы дипломмен, диплом беру туралы сұрақтармен, белгіленген үлгідегі анықтамамен марапаттау;

5) педагогтардың оқу жүктемесін бөлу, тарификацияны бекіту, аттестаттауға дайындау, марапаттау және мадақтау мәселелерін қарайды, локалдық актілерді бекітеді.

9. Педагогикалық кеңестің жұмысы оқу жылына әзірленетін педагогикалық кеңес отырысында қаралатын және колледж директоры бекітетін жұмыс жоспары бойынша жүргізіледі.

10. Педагогикалық кеңес жылына 5 реттен кем емес жиналады, ұзақтығы 2,5 сағаттан аспайды.

11. Педагогикалық кеңес отырысында талқыланатын мәселелер бойынша орындау мерзімі және орындауға жауапты тұлға көрсетілген қаулы шығарады.
12. Педагогикалық кеңестің қаулысы қарапайым жай дауыс берумен қабылданады. Дауыс тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданған болып есептеледі. Қаулы мен ұсыныстардың орындауды ұйымдастыруды колледж директоры жүзеге асырады. Келесі кеңесте осы жұмыстардың орындалуы хабарланады. Педкеңес мүшелері колледж жұмысын жақсарту жөнінде ұсыныстар жасай алады
9. Педагогикалық кеңестің қаулысымен келіспеген жағдайда колледж директоры шешімді тоқтата тұрып, ол жөнінде колледждің медиация комиссиясын, облыстық білім, денсаулық сақтау басқармаларын хабардар етеді. Басқарма басшысы кәсіподақтың қатысуымен ондай арызды қарап, педагогтарды осы шешімге қандай жағдайдың әкелгендігін анықтап, соңғы шешімді қабылдайды.
13. Педагогикалық кеңестің отырысы хаттамамен ресімделіп, оған педагогикалық кеңеске шығарылатын мәселелердің талқылану барысы, педагогикалық кеңес мүшелерінің ұсыныстары және ескертулері жазылады. Хаттамаға кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қояды.
14. Педагогикалық кеңестің хаттама кітапшасының әрбір беті нөмірленген, жіппен тігілген, білім беру ұйымының мөрімен және директордың қолымен бекітілген болады.
15. Мектептің педагогикалық кеңесінің хаттама кітапшасы білім беру ұйымның істерінде 10 жыл сақталады және акті бойынша архивке беріледі.